

Қостанай облысы Амангелді ауданының Үрпек ауылдық округінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысатын ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қостанай облысы Аманкелді ауданы мәслихатының 2014 жылғы 20 мамырдағы № 243 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 30 маусымда № 4885 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Амангелді ауданы мәслихатының 2023 жылғы 2 тамыздағы № 31 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Амангелді ауданы мәслихатының 02.08.2023 № 31 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 39-3-бабының 6-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу дің үлгі қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Аманкелді аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса беріліп отырған Қостанай облысы Амангелді ауданының Үрпек ауылдық округінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу дің қағидалары бекітілсін.

2. Қостанай облысы Амангелді ауданының Үрпек ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысатын ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Кезектен тыс

сессия төрағасы

А. Ташимов

Аудандық

мәслихат хатшысы

Ә. Саматов

КЕЛІСІЛДІ:

Қостанай облысы Амангелді ауданының

Үрпек ауылдық округінің әкімі

\_\_\_\_\_ F. Жақыбаев

**Қостанай облысы Амангелді ауданының Үрпек ауылдық  
округінің жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысатын ауыл  
тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы**

| № | Елді мекенниң атауы  | Қостанай облысы Амангелді ауданының Үрпек ауылдық округінің ауыл тұрғындары өкілдерінің саны |
|---|--|--|
| 1 | Қостанай облысы Амангелді ауданының Үрпек ауылдық округінің Үрпек ауылы      | 90   |
| 2 | Қостанай облысы Амангелді ауданының Үрпек ауылдық округінің Ағаштықөл ауылы  | 6  |
| 3 | Қостанай облысы Амангелді ауданының Үрпек ауылдық округінің Қосжан ауылы     | 6  |
| 4 | Қостанай облысы Амангелді ауданының Үрпек ауылдық округінің Қарашатөбе ауылы | 5  |

Мәслихаттың

2014 жылғы 20 мамырдағы  
№ 243 шешімімен бекітілген

**Қостанай облысы Амангелді ауданының Үрпек ауылдық округінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізуудің қағидалары**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізуудің қағидалары Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заны 39-3-бабының 6-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізуудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес өзірленеді және Қостанай облысы Амангелді ауданының Үрпек ауылдық округінің (бұдан әрі - Үрпек ауылдық округі) аумағындағы ауыл тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізуудің тәртібін белгілейді.

2. Үрпек ауылдық округінің аумағындағы ауылдардың тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындары (бұдан әрі - бөлек жиын) жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында шақырылады және өткізіледі.

**2. Бөлек жиындарды өткізу тәртібі**

3. Бөлек жиынды Үртек ауылдық округінің әкімі (бұдан әрі - ауылдық округ әкімі) шақырады.

Амангелді ауданы әкімінің жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуге он шешімі бар болған жағдайда бөлек жиынды өткізуге болады.

4. Жергілікті қоғамдастық халқы бөлек жиындардың шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей хабардар етіледі.

5. Үртек ауылдық округі ауылдарының шегінде бөлек жиынды өткізуіді ауылдық әкімі ұйымдастырады.

6. Бөлек жиынды ашудың алдында тиісті Үртек ауылдық округінің қатысып отырған және оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

7. Бөлек жиынды ауыл әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Ауылдық округ әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жиынның төрағасы болып табылады.

Бөлек жиынның хаттамасын рәсімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

8. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Үртек ауылдық округі тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Аманкелді аудандық мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Үртек ауылдық округі тұрғындары өкілдерінің саны тең өкілдік ету қағидаты негізінде айқындалады.

9. Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысушыларының ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

10. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және оны Үртек ауылдық округі әкімінің аппаратына береді.